

ӘОЖ 94 (547)

ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ЖАҢА ТҮРҒЫЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Әбдуәлі Назгүл Мәмедиярқызы

nazgulabduali580@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Тарих» мамандығының 1 курс студенті,

Нұр - Сұлтан Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – PhD, доцент Ақпанбет Н.Н.

Өмір ағынды өзен кейпінде бүгін барсыз ертең жоқсыз. «Біз де сіз сияқты болғанбыз сіз де біз сияқты боласыз» деген көне даналық ой, қай уақыт болсын өз мәнін жоғатпаған. Қазақ қоғамы қай кезде болсын ұрпақтар Алаш айтқан асыл сөзден аса алмаймыз әрі соған тоқталамыз. Яғни, сіздер білетін ұлы дала кемеңгерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлының «сөздің ең ұлысы ол- тарих», - деген өміршең ой астарын жете түсініп отандық тарихтың дұрыс жазылып жатыр ма? - деген сұрақ мені әрі тарих мамандығында оқитын нағыз тарихты сүйетін тарихжанды студенттерді алаңдататыны анық.

Мен талдайтын мәселе бұл біз білетін хандардың ішіндегі дана және де Қазақ дәуірімен Ресей дәуірінің ортасындағы алтын көпірге айналған біз бен сізге беймәлім тұлға астарлы да көкейкесті сұрақтар туындайтын Кіші жүз ханы Әбілқайыр хан туралы болмақ. Яғни, тарихты дұрыс оқыту әрі тұлға болмысына лайықты баға беру, ұрпақ жадында еңбегін дұрыс таныта білу. «Тарихты жеңген ұлт жазады» деген ойды тек нақыл сөз ретінде қолданбай тарихи сананы жаңғыртуымыз керек.

Бұл - баяғы орыс авторы И.И. Крафтың «өз халқын қуатты Ресейдің қамқорлығы мен қорғауына тапсырып, сонымен оған бақытты да, тыныш болашақ сыйлаған» қазақ халқының «көреген ұлдарының есімі ұрпақтар жадында калуы тиіс» [1] деген империялық пайымдауын қайталау ғана. Осы тұрғылас пікірді басқа Ресей протекциясында болу туралы өтініші орыс бодандығын қабылдау ретінде суреттеліп түсіндіріліп келеді.

Заман өтсе де өз шешімін әлі де таба алмай келе жатқан бүгінгі күннің актуалды мәселесі екендігін айқындайтын бұл сөзіме тұздық ретінде, тарих ғылымының кандидаты, Абылайхан атындағы Әлем тілдері университетінің және Мадрид университетінің профессоры Самат Өтениязовтың деректегендей, - « Әбілқайыр хан туралы деректер сарапқа салынғанда, оның қырық жылдан астам уақыт Ресей басқыншыларына қарсы күрестің басы - қасында болған тұлға» екендігін анықтаған.

Сонымен қатар, тұлғаның орыс патшасына бодан болуға өтініш жазуының астарында не сыр бар деген сұрақ қойып? Бұл мүмкін бе десек? Отандық тарих кірпішін қалаушы тұлғаларымыздың ойынша, « 90-жылдардың соңына қарай осы мәселеге ден қойған деректер көтере бастаған академик Манаш Қозыбаев пен профессор Жанұзақ Қасымбаев ойлары бойынша «Әбілқайыр хан тарихын қайта қарау керек» деген шешімге келген екендігін атап айтқан жөн. Яғни, менің зерттейтін тақырыбымның әлі де өміршең әрі өзектілігін айқындайды.

Менің өзіндік зерттеуім бойынша, отандық және шетелдік зерттеулерде Әбілқайыр ханның тарихтағы орны, қайраткерлігі мен адами кескін- келбеті көпшілік жағдайда

Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуіне байланысты анықталып келеді. Бұл орайда қазақ халқының «Ресей протекциясында» болу туралы өтініші орыс бодандығын қабылдау ретінде суреттеліп, «бодандық» категориясына басқаша сипат берілуде. Міне мәселе қайда жатыр!

Тарихшы бұны терең түсінеді әрі зерттеуге мүмкіндігі бар. Ал тарихшы емес басқа қоғамның әлеуметтік институттар өкілдері ұлттық идеологияның әлсіз әрі шын туайтында жоқ болу себебінен ұлттық рух пен ұлттық сандан мақұрым қалатыны рас. Қазіргі таңдағы еліміз Қазақстан Республикасына заңды сайланған президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Тарихымыздың ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін зерттелмей келеді... Тәуелсіздік тұсында бірнеше рет қолға алынса да ұлттық мүддемізге сай келетін көп томдық жаңа тарихымыз әлі жазылған жоқ», - деп айтқаны дәлел [2].

1917 жылға дейінгі орыс тарихшылары да, маркстік методологиямен «қаруланған» кеңес ғалымдары да Қазақстанның Ресей империясына «өз еркімен» қосылуы және оның «прогрессивтік» маңызы деген концепцияны ұстанады. 1980 жылдары бұл ойдың үдеп кеткені соншалық, «Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылудың 250 жылдығы» Алматыда дүбірлетіп атап өтілгеніне тарих куә. Осы мәселенің қалыптасуы да сол кезде орын алды бірақ, осы дақырттың шындықтан алыс екендігін екіншісі білетін алайда, баспасөз бетінде ашық пікір білдіру мүмкін емес еді.

1991 жылы Халел Досмұхамедовтың «Аламан» атты зерттеу еңбегі жарық көріп, Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылғанын түгелдей жоққа шығарған еді [3].

Бұл кітап Алаш арыстарының қызыл террор алапатынан бұрын 1923 жылы Ташкент қаласында жарық көргендіктен таралымы аз болу себебінен де көне көз қариялардан басқа жастар хабары жоқ-ты. Тұлғалы Тахауи Ахтанов қана өз еркімен қосылу мәселесі мен Әбілқайыр хан туралы жазылып жүрген пікірлердің шындыққа он қайнаса да сорпасы қосылмайтын ашық айтқан еді. Халел Досмұхамедовтың еңбегінен соң тарихшылар Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының Ресейге қосылуына қатысты айыптың бәрін Әбілқайыр хан (1693-1748) тұлғасынан іздеді. Өйткені, жоғарыдай айтқанымдай кеңес заманында «прогрессивті хан» деп жазатын. Көп ұзамай тарихшыларымыз шындыққа көз жеткізіп, бұрын айтылып келген жалған тарихты кері бұрып жіберді.

Ғылыми түрде ҚР академик, тарих ғылымының докторы Кеңес Нұрпейісов: «біздің тарихнамамызда тарихи портрет жасау өте аз. Оның сыры яғни, ғасырлар бойы тарихты халық жасады деп келсек, бірақ соның ішіндегі халық өкілдері екеңін мән бермей ескермедік. Мысалы, Әбілқайыр ханды біреу мақтаса, біреулері даттап жатыр. Ал Абылай ханды қатесі жоқтай дәріптеумен келеміз. Бұл да дұрыс емес», - деген еді [4].

Шындығына келсек, Әбілқайырдың анталаған жауларымен алыса жүріп жасаған жанкештілік қадамында заңдылық. Бәрінен де бұрын Әбілқайырдың өтініші шығысқа қарай бет алған алып мемлекеттің шапқыншылығының алдын алған шара болып табылады. Неге? Қазақ даласы ерте ме, кеш пе, орыс мемлекетінің экспансиясына ұшырайтындығы белгілі еді. Император І Петр 1722 жылы парсы жорығы кезінде «қырғыз қайсақ ордасын Ресей бодандығына қаратудың» зор стратегиялық маңызы барлығын айтып, ешбір шығынға қарамастан бұл халықтың бір бөлігі болса да «Ресей империясының протекциясында болуы туралы өтініш білдірген жалғыз парақ қағазға» кол жеткізу керектігін ерекше ескерткен болатын [6].

1723 жылдың 16 ақпанындағы рескриптіңде І Петр Ресейдің алдындағы мақсаттарды анықтай отырып, «Ресей Каспий теңізінің жағалауын ешкімге де бере алмайды, ол жерлерде тұратын суниттер орыс бодандығын қабылдасын не болмаса басқа жаққа қоныс аударсын деп жазғанды» [7]. І Петрдің жобасы бойынша, қазақтарды Ресейге қарату шығыс елдеріне, әсіресе, сонау Афанасий Никитин заманынан бері байлығымен тамсандырып келген Индияға жол ашатын еді. Егер Петербург орыстар үшін «Батыс Европаға терезе» болса, қазақ жері «Азияның қақпасы» болды [8].

Сонымен ойымызды түйіндесек, қиын - қыстау кезеңде Ресей «қамқорлығына» өту жөніндегі Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Санкт-Петербургке жолдамасы жол-жөнекей Қазан хандығын, Астрахан хандығын, Ноғай ордасын, башқұрттар елін тізесінің астына алу, Шығысқа қарай ентелеп келе жатқан орыс империя сының мүддесіне толықтай сай келді. «Петр ұясынан» шыққан және оның шығыстық саясатын жүзеге асырушылар И.К.Урусов пен И.И. Теплюевтің көктен тілегені жерден табылды. Ресей протекциясын қабылдау жөніндегі І Петр армандаған «бір парақ қағаз» қолдарына түсті. Ендігі мақсат оны қолдан шығармай «қырғыздар даласына», башқұрттар елі секілді, бодандық қамытын мықтап кигізу болды.

Зерттеушілердің көпшілігі Әбілқайырдың жұмбағы мол шешімге баруының басты себептері ретінде «...қазақтардың өз аралағында ауыз бірліктің болмауында, хан - сұлтандардың билік үшін талас - тартысында, осы жағдайларды өз мүдделеріне пайдаланып қалуға тырысқан жоңғарлардың, башқұрттар, Еділ калмақтары, Жайық және Сібір казактарының жойқын шабуылдарында» деген еді [9].

Әбілқайырды Ресейден қамқорлық іздеуге мәжбүр еткен жағдайдың бірі – башқұрт факторы болды. Патша өкіметі башқұрттарды қазақтарға қарсы ашықтан – ашық айдап салып, орыс әскерлері тарапынан көмек көрсетті. Ол жөнінде Казан губернаторы Л.П. Волынскийдің 1730 жылы Санкт - Петербургке жазған хатында айтылады [10].

Ал тағы бір зерттеуші А.Добросмыслов Әбілқайырдың қазақтардың қиын жағдайда қалғанын ескере отырып, Ресей «қамқорлығына (покранательство)» өтуге үмтылғандығын, бірақ өз тәуелсіздігін сақтап қалғысы келгендігін жазады[9]. Ресей империясына қосылуы жөніндегі өзінің хатын да, қазақтарды қабылдау туралы патша грамотасын да Әбілқайыр уақытша құжат ретінде санаған.

Кейін Л.Тевкелев: «Қырғыз - қайсақ ордасының орыс бодандығын қабылса усына Бөкенбай батырдың ықыласы арқасында ғана қол жеткізілді » деп жазады [11].

Бөкенбайға 7000 шаңырақ, Есет батырға 4000 мың шаңырақ бағынды. Олар Жайық бойындағы жайылымдықтарды пайдалануға, Ресеймен сауда - саттық жүргізуге мүлделі адамдар еді [8]. Ел қыстауларына бағыт ұстап, таркай бастағанда Әбілқайыр хан мен А.Тевкелев 1732 жылы желтоқсанда ұлы Ералы , немере ағасы Нияз сұлтан бастаған екінші елшілік жіберді. Елшілік Санкт - Петербургке 1734 жылдың қаңтарында жетті. Анна Иоанновнаның қабылдауында болғаннан кейін қайтадан қазақтардың Ресей бодандығын қабылдау туралы шарттарын талқылау басталады.

Осы жөніндегі ресми құжаттарды толық саралаған И.И. Крафт хандардың ант-су ішуі де, құрғақ уәделері де жай көз алдаушылық екендігін, қазақтардың Ресейге қаруын нақтылы қамтамасыз ете алмайтындығын түсінген орыс өкіметі казак даласын түгелдей иемденуге бағытталған шараларға көшті деп жазады. Қазақтарды орыс бодандығында ұстап калудың және оларды басқарудың жобасын жасау Сыртқы істер коллегиясы тың обер хатшысы И.К. Кирилловка тапсырылады. 1734 жылы 18 мамырда оған берілген нұсқауда «Ор өзенінің бойында қала салу, казактармен қарым - қатынас орнатуда орыс бодандығына бейім сұлтандар, батырлар, Ресейге ықыласты хан билерге болашақ Ор қаласының маңында уақытша кешіп қонуға рұқсат беру, бірақ қазақтардың Жайықтың оң бетіне көшуіне тыйым салу тапсырылады» [12].

Нұсқауда Орынбор экспедициясы ретінде аттандырылған орыс әкімшілігінің абден орнығып алғанынша қазақтарды алдауға да, арбауға да ерекше мән беріледі. Қаланы Әбілқайырдың өтініші бойынша ол және оны хандық таққа мұрагерлерін қорғау үшін салынып жатқанына сендіріледі [13].

Нұсқаудың күпия қосымшасында:

- 1) араларында жиі - жиі тол қулар болып тұратын башқұрттар мен казактарға бақылау жасау;
- 2) егер толқу болған жағдайда оларды біріне - бірін қарсы жұмсау
- 3) Әбілқайыр ханға хиуалықтарға қарсы күресінде оқ -дәрі және қару-жарақпен көмектесу, бірақ әскер бермеу жүктеледі.

Осы тапсырмаларды басшылыққа алған И. Кириллов кейін «башқұрттар мен қырғызлар арасындағы келісімге келуіне ешқашан да жол бермеу, керек жағдайда оларды біріне - бірін қарсы көтеріп отыру қажет» [14] деп қатаң тапсырма берген.

Отаршылдардың бұл сұрқия саясаты жүйелі түрде жүзеге асырылып, екі туысқан халықты арасын алшақтай түсті. Орынбор экспедициясының келуін қазақтар да, башқұрттар да тәуелсіздігіне төнген қауіп ретінде қабылдады 1734 жылы Кіші жүз қазақтары Сахмар каласына шабуыл жасады. Келесі жылы 8-9 мамырында қазақтар тағы да шапқашылыққа ұшырады.

Әбілқайыр хан Ресейге бағынуға байланысты өзінен алшақтай бастаған қазақтарды төңіретіне топтастыру амалы да болса керек. Яғни, 1736 жылы Әбілқайырдың ортасында болып қайтқан ағылшын суретшісі Джон Кэстльдің осы сапар туралы жазған күнделігінде «ханның қарауындағы қазақтармен аса сақтықпен» қарым-қатынас жасайтындығын, кейбірініп отымен жаулық ниетте екендігін жазады» [16].

1737 жылғы шабуылдар барысында қалмақта қоса орыстар да тұтқынға алынады, орыс сауда керуендері тоналады. Жат жұртшылықтарды орыстандыру саясатының бастауында тұрған миссионер А.Алекторов қазақтар жөнінде «Ресейге бодандығы туралы сырттай көз қылғанымен, олар ешқашан да өз серттерін орындағысы келген жоқ» деп жазған-ды [17].

Ресейден бөлініп, тәуелсіз хандық құруды мақсат тұтқан башқұрттардың 1737 жылғы көтерілісіне қазақтар да қатысты. Сол жылы мамыр айында башқұрттар Орта жүз батыры Жәнібекке Ресейге қарсы бірлесіп күресу жөнінде 12 старшыннан тұратын делегация жібереді [10].

Сонымен қатар, 1738 жылы бас қосу арқылы ғана мақсатқа жету мүмкіндігін түсінген башқұрттар тағдырлас қазақтардың ханы Әбілқайырды өздерінің хандық тағына шақырғаны әрі орыстарға қарсы көмек сұрайды. Әбілқайыр келісімін беріп, башқұрт қызна үйлену арқылы екі халық арасындағы әскери-саяси одақты нығайтуға тырысады. Осылайша ол Ресейге қарсы ұстанымын білдіреді. Оның көрінісінің бірі 1738 жылдың сәуір айының аяғында үлкен башқұрт жасақтарымен бірге Орынборға келуі.

Бірақ бұл жолы да қазақ ханы В.Н. Татищевтің жынысқы қулығынан асып түсе алмады [12]. Әбілқайырдың Ресейге қарсы әрекет жасауы орыс императрицасын қатты ашуландырды. Қайтадан келіссөздер жүргізіліп, ақырында 1738 жылы тамыз айында Әбілқайыр, үлкен ұлы Нұралы, Кіші жүз бен Орта жүздің старшындары Орынборда Ресейге бодандық туралы екінші рет ант берді. Орыс тарихшысы С.М. Соловьев бұл жолғы ант беру рәсімін суреттей келіп, «Әбілқайырдың түгелдей бағыныштылыққа көпке дейін келістегеніп, В.Н. Татищевтің сіздің есіміңіз осыдан кейін Ресейге ғана емес, бүкіл Еуропаға таныс болады деп алдар қатқаннан кейін, табын Бекенбай батыр мен Қанжығалы Жәнібек батырға қымбат бағалы сыйлықтар беріліп, олардың ханға жасаған ықпалынан соң ғана қол қоюға иліккенін жазады» [18].

А.Добросмыслов патша әкімшілігінің XVIII ғасырдың 30-40 жылдарында Кіші жүз қазақтарын басқаруда «мардымды нәтижеге жетпегендігін, оның себебі бұл халықтың тарихи қажетті мәліметтерден бейхабар болуына байланысты» дейді [9].

Әрине, бұл жағдайды да жоққа шығаруға болмас, Бірақ алғашқы он - он бес жыл шамасында орыс саясатынын тығырыққа тірелуінің басты себебі қазақтардың орыс боданы болудан бас тартып, тәуелсіздігін сақтап қалуға тырысуында еді. Орыс тарихшысы Н.И. Красовский «Орынбор аталмыш кезеңде қазақтарды басқарудың орнына бір халықты екінші халыққа қарсы қоюмен, рулық жанжалды қоздырумен айналысқанын жазады [19].

1743 жылдан бастап Әбілқайыр шекаралық аудандарға шабуылын тоқтатпаған қарақалпақтарға жорық ұйымдастырып, 40 мыңдай малын айдап әкетті. Орыс зерттеушілері «он е этого времени становится особенно дерзким» деп жазады [9].

Жоғарыда келтіргенімдей, 1742 жылы 19 қазанда қазақтарға Жайық өзені, Яица (Орал) қаласының және тұрғызылып жатқан бекіністердің жанында көшіп - қонуға тыйым салу жөнінде жарлық қабылданды. Ол бойынша «Жайық пен Еділ өзендері аралығын

мекендеген қазақтарды Жайықтың арғы бетіне көшіру, көшпегендерін «күшпен қуып тастауға» бұйрық берілді. Керек болған жағдайда калмақ әскерлерін де пайдалану жоспарланды» [20]. Әбілқайырдың қайнағасы «Дербісәлі сұлтан 2000 жасақпен Сарайшық бекінісіне басып кіріп, аманата отырған Қожахметті босатып алып кетуге тырысады» [18]. Жағдайдың шиеленіскені соншалық, И.И. Неплюев ұсынысы бойынша қазақтарға бірнеше бағыттан соққы беру үшін соғыс жоспары жасалынады. Жоспар 1744 жылы 1 наурызда сенатта тыңдалып, құпталады. Қазақтарға башқұрт, татар, калмақ жасақтары қарсы қою, соғыс кезінде тонап алған мал - мүлік терін соларға қалдыру көзделеді. Алайда, отаршылдардың бұл қанқұйлы ниеті іске аспай қалады, себебі жоңғарлар мен парсы шахының іс - әрекеттері нәтижесінде жаңа шиеленіс ошақтары пайда болды. Осыған байланысты орыс әкімшілігі қазақтарға қарсы жазалаушылық жорықтарынан уақытша доғара тұруға тура келеді.

Тарихқа тереңдей берсек, шытырманға толы оқиғалардың ішінде ілі де жұмбақ тұсы, Неплюев Сыртқы істер коллегиясына «Әбілқайыр қырғыздарымен бірге қарақалпақтар арасына барып паналауды ойластыруда, осыған байланысты парсы протекциясын да болудың жолдарын іздестіруде ... және оған ол шын мәнінде бейім» деп хабарлағаны тағы да баса назарға алғанымыз жөн [22].

Яғни, айналып келгенде, Әбілқайырдың боданлықтан бас тартуға бағытталған нақтылы қадамдары еді.

Өкінішке орай, Ресей көмегіне сүйену арқылы қазақ жерін қоршауға алған жаулардан құтқарамын деп абайсызда бодандық торына түскен Әбілқайыр ханның бұл әрекеттері патша өкіметі тарапынан ескерусіз қалмады.

Ал Әбілқайыр ханның өлімі жайлы ойды ащы да болса шындықты тарих ғылымының докторы, профессор Көшім Есмағамбетов былайшы суреттейді: «...Отарлықтың сойылын соғып, бас пайдасынын қам-қарекетін ел мүддесінен жоғары қойған, кеудемсоқтық пен көре алмаушылықтың құлы болған Барақ сұлтан уақытша болса да тарих сахнасына шығып, жасақтарымен бірге 1748 жылы тамыз айында Әбілқайырды өлтірді», - яғни, жоғарыдағы Ресей отаршылдығының мүддесіне толық сай келді [8].

Қорыта айтқанда, Әбілқайыр қазақ жерінің бүтіндігін сақтауға, бір орталыққа бағынған қуаты Қазақ хандығын құруға тырысты. Оның барлығын сол замандағы өз танымы, пайымы тұрғысынан, Ресей кемегі арқылы жүзеге асыруға тырысты. Бірақ оқиғалар шырғалаңынан шыға алмады, бір халық келіп екінші халыққа жұмақ орнатпайтындығы туралы философиялық ой-пікір болашақтың сыбағасында қалды. Әбілқайыр ханның мысалы ел тәуелсіздігін күмәнді есептерге негізделген саяси ойын құралына айналдыруға болмайтындығын көрсетеді.

Тарих мемлекет тәуелсіздігіне балама жоқтығын дәлелдеді. Кеңестік кездегі ғалымдардың бірі В.Я Басин: «широко употребляемый термин о подданстве казахов правомерен лишь на завершающем этапе присоединения Казахстана к России» [22], -деп Қазақ елінің түгел отар болған 1865 жылдардағы Шымкент пен Ташкентті алған кездерді көрсеткен болатын. Шын мәнінде Ресеймен соғысқан, Кіші жүздің батыр Әбілқайыр ханы нар тұлғаның ата жауының етегіне жармасуы ешқандай қисыны жоқ. Қазіргі кездегі Әбілқайыр туралы жалған пікір қалыптасуына көп еңбек еткен Ресей испериясы болса, кеңестік идеологияға мен тоталитарлық режим оны түгелдей қолдады. Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылмағаны туралы еңбектер мен дәлелдер Алаш ардақтылары 1989 жылдары ақталған соң ғана табылғаны рас.

Сең кетті. Заман өзгерді. Тәуелсіз жас ұрпақ келді.

Осылайша, ой түйіндегеннің өзінде де қазақ жерін анталаған жаулардан қорғаған , даңқты Аңырақай шайкасында басқолшы болған тұлға ретінде ол ұрпақтар жадында мәңгі қалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Крафт ИИ (сост .). Сборник узаконений о киргизат степных областей. Оренбург, 1898. С.43 .
2. Тоқаев Қ.К. "Тарихи тұлға тағылымы" мақаласы. 2020 ж. 3 шілде
3. Х. Досмұхамедов. АЛАМАН. жинақ - Алматы. 2002. Арыс баспасы, 234 бет.
4. Амантай Құнтөлеуұлы. Әбілқайыр хан. Алматы. 2008. Дәуір баспасы. 278 бет.
5. Ерофеева И. Хан Абулхаир:полководец, правитель и политик Алматы, 1990.
6. Разные бумаги генерал - майора Тевкелева об Оренбургском крае и киргиз - кайсацких ордах. 1762 год 12 Временник Московского общества истории и древностей российских. Кн . XII. 1852. Отд . 3 .
7. Лысков В.П. Персидский поход Петра I – 1722-1723 гг М. , 1951 .
8. Ғ.Әнес, К. Есмағамбетов. Әбілқайыр хан. 2 басылым.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. - 344 б.
9. Добросмыслов А. Указ . соч . Сб . Оренбург, С. 104-106 .
10. Материалы по истории Башкирской АССР . Т.І. М., 1936. С. 304 .
11. Аполлова І.Г. Присоединение Казахстана к России в 30 - х годах XVIII века. Алма - Ата, 1948. С. 229 .
12. Крафт И.И. Указ. соч . С.35. Очерк. Т.І. Вып.І. Оренбург
13. Разные бумаги генерал - майора Тевкелева. С. 17. Т.І. Вып.2. Оренбург
14. Советский Оренбург . Справочник - путеводитель / Сост. А. Большаков. Оренбург, 1924. С.36 .
15. Материалы по истории России. Сборник указов и других документов, касающихся управления и устройства Оренбургского края . 1735—1736 г. Т.ІІ. По архивным документам Тургайского областного правления. Оренбург, 1900. С.43-44 .
16. Джон Кэстль 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырга барып қайтқан сапар туралы Алғы сөзі мен ғылыми ескертулерін жазған Көшім Есмағамбетов. Алматы, 1996. 31-13 - бб .
17. Алекторов А. Киргизы - казахи, Исторический очерк // Оренбургский листок. 1889. 29 октября
18. Витебский В. И. И.И.Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 года, Оренбург, 1897. С. 158
19. Красовский И.Н. Материалы к географии и статистике России. Ч.І. СПб., 1868. С.67, 68.
20. Архив бывшего Оренбургского генерал - губернаторского управления. Вып. 1. Оренбург, 1889; Казахско - русские от. в XVI - XVIII вв. С. 262-263 .
21. Материалы по истории Казахской ССР . Т. II . Ч. 2. Док. №59 . С. 159 .
22. Басин В. Я. Казахстан в системе внешней политики России в первой половине XVIII века // Казахстан в XV - XVIII веках. Алма - Ата, 1969. С. 78-79.